

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу және олардың күші жойылды деп тану туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 16 шілдедегі N 789 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 2 наурыздағы № 102 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 02.03.2022 № 102 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджет есебінен қамтылған органдары қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі туралы" 2001 жылғы 25 наурыздағы N 575 Жарлығының 6-тармағының 3) тармақшасын орындау үшін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің бұрын қабылданған шешімдерін қолданылып жүрген заңнамаға сәйкес келтіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер бекітілсін.
2. Қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.
3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
2002 жылғы 16 шілдедегі
N 789 қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер

1. <*>

Ескерту. 1-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2003.04.21. N 373 қаулысымен .

2. "Судьяларды және олардың мүлкін міндетті мемлекеттік сақтандырудың, оларға медициналық қызмет көрсету мен санаторий-курорттық емдеудің тәртібі мен шарттары туралы Ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1997 жылғы 19 наурыздағы N 365 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1997 ж., N 13, 90-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Судьяларды және олардың мүлкін міндетті мемлекеттік сақтандырудың, оларға медициналық қызмет көрсету мен санаторий-курорттық емдеудің тәртібі мен шарттары туралы ережеде:

56-тармақтағы ", сондай-ақ лауазымынан отставка тәртібімен босатылған судьялар," деген сөздер алынып тасталсын;

57-тармақтағы "демалыс орнына және кері қарай Қазақстан Республикасының шегінде жол жүру құнын төлей отырып," деген сөздер алынып тасталсын;

58-тармақ алынып тасталсын.

3. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 24.02.2014 № 129 қаулысымен. (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 16 шілдедегі
N 789 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

1. "Жалақыға коэффициенттер есептеу үшін жалақының шекті мөлшерін жою туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 10 қаңтардағы N 21 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1992 ж., N 1, 17-құжат).

2. "Жерлеуге арналған жәрдемақының мөлшері туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 27 мамырдағы N 466 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1992 ж., N 21, 341-құжат).

3. "Халықтың табысы аз топтарына мемлекеттік қолдау жасау жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 8 шілдедегі N 584 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1992 ж., N 28, 416-құжат).

4. "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1991 жылғы 15 қарашадағы N 708 қаулысының күшін Қазақстан Республикасының әскери қызметшілеріне қолдану туралы туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 22 желтоқсандағы N 1062 қаулысы .

5. "Қазақстан Республикасының жоғары төрелік сотын материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ету туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 27 қазандағы N 1067 қаулысы .

6. "Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті органдары қызметкерлерінің лауазымдық жалақысын көбейту туралы" Қазақстан

Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 5 мамырдағы N 479 қаулысы .

7. "Әскери қызметшілерге, ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдары мен әскери қызметтен және ішкі істер органдарынан босатылған адамдарға берілетін жеңілдіктер (ақшалай өтемақылар) туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 26 мамырдағы N 565 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1994 ж., N 23, 246-құжат).

8. "Қазақстан Республикасы ішкі істер, Әділет министрлігінің қылмыстық-атқару жүйесі органдарының қатардағы және басшы құрамындағы адамдарға ақшалай төлем жасау туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 10 наурыздағы N 239 қаулысы .

9. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1995 жылғы 25 мамырдағы N 189 өкімі .

10. "Әскери қызметшілердің лауазымдық жалақыларына және әскери атақтары бойынша жалақыларына аудандық коэффициенттерді, биік таулы, шөлейт және сусыз мекендерде жұмыс істегені үшін коэффициенттерді қолдану туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 4 қазандағы N 1298 қаулысы.

11. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгертулер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 9 тамыздағы N 987 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістердің 10-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1996 ж., N 33, 313-құжат).

12. "Әскери қызметшілердің, Мемлекеттік тергеу комитетінің органдары, ішкі істер органдары қызметкерлерінің, әскери және арнайы атақтары жоқ жекелеген санаттағы адамдардың лауазымдық жалақыларын белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 12 мамырдағы N 1554 қаулысы.

13. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 12 қарашадағы N 1554 қаулысына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 28 желтоқсандағы N 1343 қаулысы.